

«Құралай ана» бөбекжай балабақшасы ЖШС



Бекітемін:
«Құралай ана» бөбекжай балабақша
меңгерушісі: А.Таженова А

Ата – аналар жиналысының жұмыс жоспары және хатамалары
2024-2025 оқу жылы.

	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
	Тақырыбы : Отбасы- тәрбиенің ұясы Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру;Отбасы мүшелінің арсындағы бауырмалдық, қайырымдылық,достық қарым-қатынасты қалыптастыру Күн тәртібіндегі мәселелер. 1.Ата-аналар комитетінің төрайымы мен мүшелерін сайлау. 2. Кіріспе сөз: Ата- ананың басты қуанышы бала 3. Тренинг: шаттық шеңбері (әдіскер) 4. Ата аналармен ойын өткізіледі.(психолог) 5. Қорытынды.	Қыркүйек	Меңгеруші Әдіскер Бердалиева Ж ата – аналар комитеті
	Тақырыбы : «Балабақшада балалар қауіпсіздігін сақтау» КҮН ТӘРТІБІ: 1. Балалардың оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жұмыстарының нәтижелері 2. Балалардың қауіпсіздік ережелерінің талаптарын сақтау 3. СанПин КР нормаларын сақтау.	Қаңтар	ата – аналар комитеті Әдіскер Бердалиева Ж Медбике Ізтілеу А

	Тақырыбы : «Ата-аналармен жылдық қорытынды» Күн тәртібінде : 1.Ата-ана мен бала арасындағы көпір. 2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг нәтижелері 3. Балалар әлеуметтік коммуникацияның алғашқы дағдыларын дамытуда балабақша маңызы.(Қазақ тілін дамыту)	Наурыз	Меңгеруші. Мед бике әдіскер
--	---	----------------------	---

**«Құралай апа» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Ата – аналар жиналысының
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Өткізу уақыты:Қыркүйек айы

Тақырыбы: Отбасы- тәрбиенің ұясы

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі ата- ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру;Отбасы мүшелінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық,достық қарым- қатынасты қалыптастыру;

Көрнекілігі: карточка,дөңгелектер, нақыл сөздер,«кірпіш тапсырмасы бар; қағаз қалам.

Күн тәртібіндегі мәселелер.

- 1.Ата-аналар комитетінің төрайымы мен мүшелерін сайлау.
2. Кіріспе сөз: Ата- ананың басты қуанышы бала
3. Тренинг: шаттық шеңбері (әдіскер)
4. Ата аналармен ойын өткізіледі.(психолог)
5. Қорытынды.

1. Ата-аналар комитетінің төрайымы мен мүшелерін сайлау үшін ата аналардың ұсыныстары тыңдалды.Олардың ұсыныстары қабыл алынды. Кұрметті ата аналар, қонақтар!Бүгінгі жиналысты ерекше өткізгім келіп тұр дей келе. Тренинг: Ата аналар ортаға дөңгеленіп тұрып, бүгінгі кездесуден не күтетінін айтады.Содан кейін ата аналар топқа бөлінді..

Ата- ананың басты қуанышы- бала.

Ата- ананың басты- қазығы, алтын тіреу діңгегі- бала. Отбасы тұлғаны дамытатын кішігірім орта.Отбасының қоғамдағы мақсаты; баланы дамытып қана қоймай, оны өмірге дайындап, рухани жағынан жеткізіп, тұлға ретінде қалыптастыру қажет екендігін айтып өтті.. Отбасында баланың жан -жақты қалыптасуына ата- ана мен отбасы мүшелерінің қарым қатынасында махаббат, сүйіспеншілік, адамгершілік, қайырымдылық, әділдік, ұйымшылдық, мәдениеттік қасиеттері және т.б келбетін сақтайтын тұлға тәрбиелеуге керек екендігі бәрімізге аян екендігін айтты..Мына жасампаз ғасырда, жаһандану дәуірінде балабақшада тәрбиеленіп отырған баланың жан- жақты білім алуына ең бірінші ықпал ететін- ұстаз болса, оның сүйеніші ата- ана екендігін атап айтты. Сондықтан ата -ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасау тиіс. Бала тәуліктің бір бөлігінде , яғни

9 сағат балабақшада болса, 15 сағат өз отбасында тәрбие алады деп айтып өтті.

Заялы алақан (тренинг):

Мақсаты: Ата—ананың баласына қаншалықты мейірім, уақыт бөлетінін анықтау, әр кезде уақыт тауып, мейірімділік көрсетуге баулу.

10 ата-ананы балаларымен ортаға шақырамыз. (Ата — аналардың көздері байлаулы өз баласын қолынан танып алу керек)

1. Балаңызды қалай таныдыңыз?

2. Балаңызды тани алмаймын —ау деген қорқыныш болды ма? 3. Балаңызды тани алмаған кезде қандай сезімде болдыңыз?

4. Балаңызды қолынан ұстап танитыныңызға сенімді болдыңыз ба? Байлаулы бала (тренинг):

Бір ата-ана ортаға шықты.. Төмендегідей сұрақтар қойылды.

1. Сіз балаңызбен көл жағасына бардыңыз. Балаңыз суға қызыққаны соншалық суға қарай жүгіріп кетті. Сіз қалай тоқтатасыз? (аяғы байланады)

2. Қарасаңыз балаңыз адамдардың тастап кеткен темекінің тұқылын жинап алып, сонымен ойнап отыр. Сіздің әрекетіңіз? (қолы байланады) 3. Жұмыстан шаршап келсеңіз бала теледидардан атыс-шабыс, бір сөзбен айтқанда өз деңгейіне келмейтін кино көріп отыр. Сіздің әрекетіңіз? (көзі байланады)

4. Балаңыз сізге басқа ұлттың қызын ұнатты. Бірақ сіздің қалауыңыз ол емес еді. Сіздің әрекетіңіз? (кеудесі байланады)

5. Балаңыз досымен келіспей қалды да, жаман сөздермен сыбағасын берді. Сіздің айтар сөзіңіз? (аузы байланады)

Міне, баламыз қандай күйге түсті, құрметті ата-ана. Мұндай күйге түспес үшін баламызға неге болмайтынын, «өйткені» сөзін қолдана отырып түсіндіруіміз керек. Сонда ғана сіз бала тәрбиесінде мақсатыңызға жете аласыз.

4 Ойындар.

А). «Балаңызға деген сүйіспеншілік деген» ойыны өткізіледі. Баланың жан дүниесі - Бұл толып тұрған ыдыс сияқты. Өз балаңыздың қандай болғанын қалайсыз? Қандай қабілеттері болғанын және сіз өзіңден қандай қасиетті алғанын қалайсыз? Әрқайсыларыңыздың қолдарыңызда жүрек бар. Сол жүректің ішіне өздеріңіздің ойларыңызды жазып, осы ыдыстың ішіне салып қойыңыздар және де жазған сөздеріңізді айтып шығуларыңыз керек. Қорыта

айтқанда ата ананың махаббаты, сүйіспеншілігі бала үшін бақыт, Осы сезімдеріңіз арқылы баланың өз орнын таба білуге үйретесіздер.

Ә). Дидактикалық ойын «Отбасылық махаббат үйі»

Ал енді қазір сіздермен «отбасылық махаббат үйі » атты ойын өткізді. Балаларыңызға деген махаббатты анықтай аласыздар. Әр адамның өз үйі бар, бірақ ол үй тек баспана ғана ретінде емес, сол үй жақсы көріп және күтетін жер болу керек. Сондықтан сіздердің міндеттеріңіз жай ғана армандап жүрген үй салу ғана емес, ал сол жерде тұратын балаларға бақыт, махаббат, жылу, беретін үй салуларыңыз керек. Ол үшін ерекше материал қажет. Әрине даладағы жатқан тақтайлар емес, ал адамның негізгі қасиеттерімен саламыз. Олар: Мейірімділік, күлкі, түсінушілік, шыдамдылық, көмектесу деп атап өтті.

Үстел үстінде кірпіштер жатыр. Соларды алып үй саласыздар, бірақ салғанда жай салмайсыздар, артында тапсырмалар жазылады соны орындай отырып үй құрамыз. Ойлануға бір екі минут беріледі деді.

Ойын тапсырмалары;

1-ші кірпіш «Парасатты» кірпіші

Қағазды екі қатарға бөліп ата аналардың плюс және минус жағын үш сөз арқылы жеткізу, жазу, айту.

2-ші кірпіш «Достық» кірпіші

3-ші кірпіш «Махаббат» кірпіші

Мимика жест арқылы өзіңіздің балаға деген махаббатыңызды жеткізесіз 4-ші кірпіш «Тапқырлық» кірпіші

Балабақша сөзінің әрбір әрпінен балаңыздың мінезін сипаттаңыз. 5-ші кірпіш «Түсінушілік» кірпіші

«Үй» деген сөзді қалай түсінесіз?

Мысалы: менің қорғанысым, күтетін жер, отбасылық ұйытқысы Сурет арқылы баланың мінезін анықтау. Бұл төбесі -жақсы көңіл күй екенін білдіреді. Тапсырма: бір минут ішінде дөңгелек ішіне баланың бақытты көңіл күйін салу керекпіз және жапсыру. Үйіміз дайын.

Менің ойымша отбасы- бұл махаббат үйі, ал бала -бақыт.

Сондықтан ата ана махаббаты балаңыздың өмірге деген күштарлығын, жолын ашады.

5.Қорытынды.

Халқымыз «Үяда не көрсең, соны ілерсің» дейді. Бала эрқашанда ата анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата ананы өмірдің тірегі санайды.

Ата ананың тіршілігіндегі көрген қызығы, жақсылығының ең бағалысы перзенті.Баланың бойында туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін эсері мол. Қатысып ой бөліскендеріңіз үшін рахмет!

Жиналыс Төрайымы:



Таженова А.А.

Хатшы :



Турусова С.А.

**«Құралай апа» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Ата – аналар жиналысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Өткізу уақыты: Қаңтар айы

Тақырыбы : «Балабақшада балалар қауіпсіздігін сақтау»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балалардың оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жұмыстарының нәтижелері әдіскер: **Бердалиева Ж**

2. Балалардың қауіпсіздік ережелерінің талаптарын сақтау әдіскер: **Бердалиева Ж**

3. СанПин КР нормаларын сақтау медбике **Ізтілеу А**

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Әдіскер Бердалиева Ж

Педагогтар оқу жылында үнемі біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, қалалық семинарларға белсене қатысады. «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу» кластері бойынша белсенді жұмыстар жүргізеді деп атап өтті.

«Балапан» және «Зере», топтарында педагогикалық ұжымда өзгерістер орын алып педагогтардың топтағы орны бекітілді. Күзгі кезеңде біздің бақшамызда жасақталып, ойыншықтармен толықтырылды. Балабақша өміріне белсене атсалысып, балаларды ұйымдастыруға көмектескендері үшін, жанашырлық танытқандары үшін қымбатты АТА- АНАЛАРЫМЫЗҒА үлкен "РАХМЕТ" айтқым келеді деді.

Ата-ана неліктен ақылы негізде қосымша қызметтер көрсетілетінін. МЖМБС әзірлейтін кім екенін сұрады. «Ботақан» тобындағы балалар көп деп есептейтіндіктен, биылғы жылы дайындық тобы бола ма, жоқ па деген сұраққа әдіскер **Ф.Саттарова** жан-жақты жауап берді. Биылғы жылы мектепалды дайындық тобы болмайтынын айтып өтті. Топ тәрбиешілері ата-аналарға топтағы бала саны туралы жауап беріп, бұл топтағы балалардың орташа қатысуы айына орта есеппен 20 баладан аспайтынын, ал топта 25 бала болуы керек екенін түсіндірді.

2. Екінші сұрақ бойынша Әдіскер Бердалиева Ж балалардың қауіпсіздігі Ережелерінің талаптарын сақтау туралы баяндаған

Балаларды түрлі қауіп-қатерден қорғау, сол арқылы сәбилердің денсаулығы мен ата-аналарының көңілін көтеру үшін мектепке дейінгі мекеме көптеген қауіпсіздік факторларының сақталуын камтамасыз етуі керек. Баласын мектепке дейінгі білім беру мекемесіне жіберетін барлық ата-ананы алаңдататын басты мәселе балабақшадағы үгіндісінің сақталуын камтамасыз ету. Бұл негізді алаңдаушылық. Өйткені, балабақшаға барған бала жана қуанышты жаңалықтар мен жетістіктерге ғана емес, сонымен қатар қауіптерге толы бейтаныс, өзі үшін әлі беймәлім әлемде болады. Балалар

балабақшада әртүрлі қауіптерді күтуі мүмкін. Бірнеше санаттарды бөлуге болады: аурушандықтың жоғарылауы. Бұл, бәлкім, мектепке дейінгі мекемелерде кездесетін ең көп таралған қауіп. Жасыратыны жоқ, балабақша әртүрлі жастағы балалар көп шоғырланатын орын. Нәрестелердің иммунитеті мен ауруға бейімділігі әртүрлі болуы әбден заңды. Сондықтан балабақшада баланың әртүрлі инфекциялар мен ауруларды жиі «ұстап алуы» таңқаларлық емес. Бұл әсіресе балаларының иммунитеті әлсіреген ата-аналарды алаңдатады. Одан әрі бұл мәселемен балабақшаның медбикесі Ж.Алимхан айналысады. Жарақаттар, жазатайым оқиғалар. Жарақаттың себептері әртүрлі болуы мүмкін: көбінесе балалар ойыншықтар үшін күресуде, достарын итермелеуде, серуендеуден түскі асқа асығуда, түстен кейін ұйықтау кезінде төсектен құлап кетуде немесе төбеден абайсызда аунап кетуде бір-бірін жарақаттауы мүмкін бұл керемет болуы мүмкін. көптеген жарақат көздері. Сондықтан тәрбиешілер мен тәрбиешілердің көмекшілерін жұмысқа алған кезде міндетті түрде нұсқау беріліп, жеке колтаңбамен лауазымдық нұсқаулықты толық оқып шығуы, Аумақта орналасқан құрал-жабдықтар (шағын бланкілер, дене шынықтыру құралдары және т.б.) жылына екі рет міндетті түрде тексеру актісін жасай отырып, міндетті түрде (қажет болған жағдайда - жиірек) жарамдылығына тексеріледі. Сонымен қатар, тәрбиешілер мен әкімшілік топтар мен серуендеу аландарының жиһаздары мен жабдықтарының жай-күйін күнделікті тексереді: оларда өткір бұрыштар, шегелер, кедір-бұдырлар, шығыңқы болттар болмауы керек, топтардағы барлық жиһаздар мен аймақтардағы жабдықтар бекітілген. Көктемгі-күзгі кезеңде серуендеуді бастамас бұрын жаңбырдан кейін тұрып қалған суларды жою шаралары жүргізіледі: қоқыс жинау; бұталарды сәндік кесуді әкелу; ағаштардың құрғақ және аласа бұтақтарын және жас өскіндерін кесу. Қыста серуендеуді бастамас бұрын барлық ғимараттардың шатырларын, жолдарды, ойын аландарын қар мен мұздан тазарту шаралары жүргізіледі. Балалардың төбеден аунауы, өрмелеуі, төбеден секірулері жарақаттанудың алдын алу үшін мектепке дейінгі тәрбиешілер бақылауды және сақтандыруды жүзеге асырады. Жаз мезгілінде топ тәрбиешілері тасымалданатын материалдың (күрек, ойыншық) күйін қадағалап, әр серуеннен кейін оны жуып отыруы керек: денсаулықты сақтау және өмір қауіпсіздігі мәселелері бойынша балалармен әртүрлі іс-шаралар өткізу. Спорт нұсқаушысы мен музыка жетекшісі дене шынықтыру және музыкалық ойын-сауықты, бос уақытты жол қозғалысы ережелеріне сәйкес жүргізеді. Бұл іс-шаралардың барлығы өткізілетін орын мен қолданылатын құрал-жабдықтарды мұқият тексергеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Инвентарь және ойын жабдықтары қауіпсіздік талаптарына сәйкес келеді: балалар жабдықтары мен ойын құралдары жыл маусымына, балалардың жасына және СанПин талаптарына сәйкес мотор жүктемесін өлшеуге мүмкіндік беретін жақсы жағдайда болуы керек. Төтенше жағдайлар-Өрт, жер сілкінісі сияқты құбылыстар сирек құбылыс болып, біз бейбіт заманда өмір сүріп жатқанымызбен, мұндай жағдайлардың алдын алу үшін қажетті шараларды және төтенше жағдайлар кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттарын ұмытпағанымыз жөн. Токсан

сайын төтенше жағдайлар кезінде орнында оқу-жаттығуды өткізу туралы бұйрық шығарылады, іс-шараның күнтізбелік жоспары жасалады, одан кейін төтенше жағдайлар кезінде балалар мен қызметкерлерді эвакуациялау бойынша оқу-жаттығу жұмыстары жүргізіледі деп ойын қорытындылап шықты.

Үшінші сұрақ бойынша медбике А. Ізтілеу СанПин нормаларын сақтау туралы айтты

Қазіргі уақытта бала саны - 85

- деректерді тіркеумен күнделікті таңертеңгі сүзгілеу;

журналдарға тіркей отырып, аурушандық жағдайларын бақылау және есепке алу;

- балалар білім беру мектебі емханадағы сырқаттанушылық туралы тоқсан сайынғы есеп :

-

өткен жылдың сәйкес кезеңімен сырқаттанушылықтың салыстырмалы сипаттамасын жүргізу:

- тұмауға қарсы шаралардың сауықтыру курстарын (көктем-күз) өткізу:

қызметкерлері мен ата-аналар арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу (әңгімелер, лекциялар, сан бюллетеньдер):

- тағамдық нормалардың, тағам дайындау технологиясының, тауардың көршілестігінің, өнімнің сақтау мерзімінің, күнделікті үлгілердің мазмұнының сақталуын және орындалуын бақылау:

-Балабақша қызметкерлерінің медициналық тексеруден өтуін қатаң бақылауға алынып отырғаны туралы қысқа айтып өтті.

Шешім:

-Балабақшада балалардың қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын

-СанПин талаптары қатаң орындалсын

Жиналыс Төрайымы:

Хатшы :



Таженова А

Турусова С

сайын төтенше жағдайлар кезінде орнында оқу-жаттығуды өткізу туралы бұйрық шығарылады, іс-шараның күнтізбелік жоспары жасалады, одан кейін төтенше жағдайлар кезінде балалар мен қызметкерлерді эвакуациялау бойынша оқу-жаттығу жұмыстары жүргізіледі деп ойын қорытындылап шықты.

Үшінші сұрақ бойынша медбике А. Ізтілеу СанПин нормаларын сақтау туралы айтты

Қазіргі уақытта бала саны - 85

- деректерді тіркеумен күнделікті таңертеңгі сүзгілеу;

журналдарға тіркей отырып, аурушандық жағдайларын бақылау және есепке алу;

- балалар білім беру мектебі емханадағы сырқаттанушылық туралы тоқсан сайынғы есеп :

-

өткен жылдың сәйкес кезеңімен сырқаттанушылықтың салыстырмалы сипаттамасын жүргізу:

- тұмауға қарсы шаралардың сауықтыру курстарын (көктем-күз) өткізу: қызметкерлері мен ата-аналар арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу (әңгімелер, лекциялар, сан бюллетеньдер):

- тағамдық нормалардың, тағам дайындау технологиясының, тауардың көршілестігінің, өнімнің сақтау мерзімінің, күнделікті үлгілердің мазмұнының сақталуын және орындалуын бақылау:

-Балабақша қызметкерлерінің медициналық тексеруден өтуін қатаң бақылауға алынып отырғаны туралы қысқа айтып өтті.

Шешім:

-Балабақшада балалардың қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын

-СанПин талаптары қатаң орындалсын

Жиналыс Төрайымы:

Хатшы :



Таженова А

Турусова С

**«Құралай апа» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Ата – аналар жиналысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Өткізу уақыты: Наурыз айы

Тақырыбы : «Ата-аналармен жылдық қорытынды»

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ата-ана мен бала арасындағы көпір.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг нәтижелері.
3. Балалар әлеуметтік коммуникацияның алғашқы дағдыларын дамытуда балабақша маңызы (қазақ тілін дамыту).

Бірінші мәселе бойынша Ата-ана мен бала арасындағы көпір

Тәрбиешінің кіріспе сөзі:

Жиналысты тәрбиеші ашып, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың маңыздылығы жайында қысқаша айтып өтті. Баланың алғашқы тәлім-тәрбиесі отбасынан басталатынын, ал ата-ананың жылы қарым-қатынасы баланың өзіне деген сенімін арттыратынын атап өтті. «Ата-ана – бала – тәрбиеші» үштігі бір-бірімен байланыста болғанда ғана тәрбие нәтижелі болатыны жайлы түсіндірілді. Баламен ашық сөйлесу, тыңдай білу, бірге уақыт өткізу, ойын ойнау, бірге кітап оқу сияқты әрекеттердің бала дамуындағы маңызы айтылды.

Ата-аналарға баламен болған жағдайдан мысал беріліп, «сіз не істер едіңіз?» деген сұрақтар қойылды. Бұл ата-аналардың баламен сөйлесу дағдыларын ой елегінен өткізуге мүмкіндік берді. Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісіп, кейбір қиындықтарын айтып, бір-біріне кеңес берді. Бір ана: «Кешке жұмыстан келгенде телефонымды шетке қойып, тек балама көңіл бөлемін, бұл оған ұнайды» – деп бөлісті.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші К.Бидашева **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг нәтижелері туралы баяндады.** Жыл басынан бері жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы таныстырылды. Мониторинг нәтижелері бойынша: Балалардың 80%-ы негізгі білім дағдылары бойынша (қоршаған ортамен танысу, математика, сөйледі дамыту, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) бағдарламаны жақсы меңгерген. 15%-ы бағдарлама мазмұнын орташа деңгейде игерген. 5% балаға қосымша назар қажет (нақты ата-аналарға жеке ескерту жасалды). **рекше назар аударылған бағыттар:** Көптеген балаларда жеке жұмыс кезінде зейін қою, тапсырманы соңына дейін орындау,

нұсқаулықты түсініп әрекет ету дағдылары қалыптасты. Күрделі бағыт – байланыстырып сөйлеу, ертегі құрастыру, шығармашылық жұмысты аяқтауға шыдамдылық таныту болды.

Үшінші мәселе бойынша Балалар әлеуметтік коммуникацияның алғашқы дағдыларын дамытуда балабақша маңызы (Қазақ тілін дамыту) Тәрбиеші Абенова К балалардың қазақ тілін меңгеруі бойынша атқарылған жұмыстармен таныстырды: Жыл бойы балалармен күнделікті қазақ тілінде амандасу, тақпақ жаттау, ойындар ұйымдастырылып отырғанын, Балалар қарапайым тілдік қарым-қатынас формаларын меңгерді деді. (сұрақ қою, жауап беру, сәлемдесу, алғыс айту т.б.).

Жиналыс соңында ата-аналар тарапынан сұрақтар қойылып, пікірлер мен ұсыныстар айтылды. Ата-аналар балабақша ұжымына алғыс білдіріп, тәрбиешілердің жұмысына оң баға берді.

ШЕШІМ:

1. Отбасында бала тәрбиесіне белсенді көңіл бөлу.
2. Жаз мезгілінде баланың білімі мен тілі ұмыт қалмауы үшін үй жағдайында жеңіл тапсырмалар беру.
3. Қазақ тілін дамыту бағытында мультфильмдер, әндер, кітаптар арқылы ата-ананың қолдау көрсетуі.

Жиналыс Төрайымы:

Хатшы :



Таженова А

Турусова С

нұсқаулықты түсініп әрекет ету дағдылары қалыптасты. Күрделі бағыт – байланыстырып сөйлеу, ертегі құрастыру, шығармашылық жұмысты аяқтауға шыдамдылық таныту болды.

Үшінші мәселе бойынша Балалар әлеуметтік коммуникацияның алғашқы дағдыларын дамытуда балабақша маңызы (Қазақ тілін дамыту) Тәрбиеші Абенова К балалардың қазақ тілін меңгеруі бойынша атқарылған жұмыстармен таныстырды: Жыл бойы балалармен күнделікті қазақ тілінде амандасу, тақпақ жаттау, ойындар ұйымдастырылып отырғанын, Балалар қарапайым тілдік қарым-қатынас формаларын меңгерді деді. (сұрақ қою, жауап беру, сәлемдесу, алғыс айту т.б.).

Жиналыс соңында ата-аналар тарапынан сұрақтар қойылып, пікірлер мен ұсыныстар айтылды. Ата-аналар балабақша ұжымына алғыс білдіріп, тәрбиешілердің жұмысына оң баға берді.

ШЕШІМ:

1. Отбасында бала тәрбиесіне белсенді көңіл бөлу.
2. Жаз мезгілінде баланың білімі мен тілі ұмыт қалмауы үшін үй жағдайында жеңіл тапсырмалар беру.
3. Қазақ тілін дамыту бағытында мультфильмдер, әндер, кітаптар арқылы ата-ананың қолдау көрсетуі.

Жиналыс Төрайымы:

Хатшы :



Таженова А

Турусова С